



«26» сәуір, 2012 ж.

Баспасөз мәлімдемесі

## **Сбербанк өзінің таза табысын 4 еседен аса ұлғайтып, Қазақстанда рекордтық нәтижеге жетті**

**2011 жылдың қорытындысы бойынша «Сбербанк» АҚ ЕБ өзінің қызметінің барлық бағыттары бойынша шапшаң өсімді байқатты. Банктің 2011 жылғы таза табысы 4,2 есе артып, рекордтық 11 млрд. теңгеге дейін жетті.**

«Біздің өткен жылғы қызметіміздің нәтижелеріне көңіліміз өте толады, - дейді Сбербанк төрағасы Олег Смирнов. – Біз өзіміздің алдымызға қойған барлық мақсаттарға жетіп, нарықтың 5%-дық үлесін иеленуге барынша жақындай түстік. Экономиканың нақты секторына белсенді қолдау көрсету және инвестиция құюдың арқасында Сбербанк 2011 жылы нарықтың негізгі ойыншысына айналды», - деп атап өтті ол.

Есепті кезең аралығында банк активтері 1,7 есе артып, 491,3 млрд. теңгені құрады. Осылайша банк 2011 жылы ЕДБ рейтингіндегі осы көрсеткіш бойынша 11 орыннан 7 орынға дейін көтерілді. Меншіктік капиталы 50,7 миллиардқа дейін 1,2 есе артты. Жарғылық капиталының көлемі сақталып, 29 млрд. теңгені құрады.

Жеке тұлғалар бойынша банктің несиелік қоржыны 2 есе артып, 30,9 млрд. теңгені құрады. Сондай-ақ, заң тұлғалары бойынша көрсеткіші 2 есе артып, 330,6 млрд. теңгені құрады. Банктің депозит қоржыны 2 есе артып, 398,8 млрд. теңгені құрады. Қазіргі уақытта банк 300 мыңнан аса жеке тұлға мен 17 мыңнан аса заң тұлғасына қызмет көрсетеді.

Осыдан басқа банк «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасына қатысуын жалғастырды. 2011 жылы экономиканың нақты секторына салынған инвестиция 400,5 теңгені құрады.

Сбербанк үшін 2011 жыл жоғары технологиялық жобалардың жылына айналды. Банк өзінің жеке процессингтік орталығын іске қосып, мұнда төлем карталарын шығаруда. Сондай-ақ, тәуекел-менеджменті жүйесін өзгерту жобасын іске асыруды бастады.

Сонымен қатар, банк бизнесті дамыту және оған қолдау көрсетуге бағытталған аса маңызды әрі елеулі жоба ретінде автоматты банк жүйесін жаңартуға кірісті. 2011 жылы Банктің қолжеткізген елеулі нәтижесі істен шығып қалуға тұрақты серверлік қуаттылық кластерін өндіріске енгізуі болып табылды. Осы кластер Банктің автоматтандырылған жүйесі арқылы нақты уақыт тәртібінде клиенттерге көрсетіліп жатқан қызметтің тоқтаусыз жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

Корпоративті клиенттермен өзара қарым-қатынас құруды басқару (CRM) жүйесін іске асыру бойынша жасалған жұмыс бірқатар бизнес үрдістерді автоматтандырып қана қоймай, сондай-ақ, өз клиенттерімізді жақсырақ танып, олардың өнім мен қызмет түрлеріне қатысты қалаулары мен қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Өткен жылы банк Қазақстандағы өзінің бес жылдық қызметі мен негізі қаланғаннан бергі 170 жылдық мерейтойын атап өтті. Сбербанк орналасқан барлық қалаларда мерекелік іс-шаралар өтіп, ол тау бөктеріндегі «Медеу» мұз айдынында халықтың тойлауымен аяқталды.

Мерейтойды мерекелеу шеңберінде «170 игі іс» қайырымдылық бағдарламасы өткізіліп, онда ата-аналардың қамқорлығынсыз және аз қамтылған отбасыларынан шыққан балаларға және ардагерлерге көмек көрсетілді.

Осы жетістіктердің барлығына ауыз бірлігі жарасқан кәсіби қызметкерлер тобының арқасында қолжеткіздік. Өзінің қызмет етіп келе жатқан барлық жылдары аралығында Сбербанк олардың тұлғасының және кәсіпқойлығын дамыту мен оқытуға ерекше көңіл бөліп, осының арқасында 2012 жылдың басында «Ең үздік жұмыс беруші трансұлттық компания» аталымы бойынша «Сенім» марапатына лайық деп танылды.

## **Анықтама**

*«Сбербанк» АҚ ЕБ – «Ресей Сбербанкісінің» Қазақстанның қаржы нарығында бес жылдан аса уақыттан бері табысты қызмет етіп келе жатқан енішілес банкі.*

*Қазіргі уақытта «Сбербанк» АҚ ЕБ-ның 13-і филиал болып табылатын 96 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиал желісі бар. Банктің орталық кеңсесі Алматы қаласында орналасқан.*

**Қосымша ақпарат алу үшін сіз әрқашан банктің баспасөз қызметіне хабарласуыңызға болады:**

**«Сбербанк» АҚ ЕБ**

**Баспасөз хатшысы**

**Марина Газизова**

тел.+7(727) 334 22 79 ішкі тел. 2105

ұялы тел.+7 777 729 10 87

e-mail: [marina.gazizova@sberbank.kz](mailto:marina.gazizova@sberbank.kz)